



АҚИҚАТ

## Мұқтар Әуезовтың Абай туралы романдары

Мұқтар Әуезов қазақ халқының ұлы ақыны және ағартушысы Абай Құнанбаевтың өмірі мен қызметіне арналған романдардың төртінші кітабын аяқтады.

Абай туралы роман жазу ниеті жазушыда мұнан жыйырма жыл бұрын дерлік туады. Оның 1932 жылы жазған «Қазақ даласында Татъянаның әні» деген үзіндісі болашақ романның бір тарауы болуға тиісті еді. М. Әуезов өзінің шығармасын Абайдың ұлы Пушкинмен рухани сабақтастығын көрсетуден бастады. Мұның өзі, автордың ойынша, романның негізгі идеясын белгілейтін өзекті тақырыптардың бірі болуға тиісті еді. Жазылуынан біраз кейінірек жарияланған бұл үзіндіні оқушылар өте ұнатты. Көп ұзамай жазушы өзінің көкейтесті ойын жүзеге асыруға кірісті. Роман үш кітаптан құралуға тиісті еді, бірақ жазу барысында оның шеңбері кеңейді. «Абай» романы екі кі-

тап болып шықты, мұнан кейін жазушы оның жалғасы — «Абай жолы» романын жазуға кірісті, бұл да екі кітап.

«Абай» және «Абай жолы» романдары — көпжылғы еңбектің қорытындысында шыққан тұтас цикл. Бұл романдар негізгі кейіпкерлері және сюжеттік, композициялық құрылысы жағынан да, өзара тығыз байланысып, тұтасып жатыр. Маңыздылығы, оқиғаларды кең қамтуы жағынан Абай туралы романдар — зор дастандық шығарма. Қазақ қоғамының өмірін жазушы аса көркемдік дәрежесіне жеткізе суреттеген. Өткен ғасырдың екінші жартысының өнбойындағы қазақ халқының өмірі, тұрмысы және мәдениеті неғұрлым өзіне тән көріністер арқылы оқушының көз алдынан өтеді. Шығарманың кейіпкерлері ол кездегі қазақ қоғамының әртүрлі топтарының өкілдері бейнесінде көрсетіледі: ауыл және қала кедейлерінің өкілдері, ақындар мен әншілер, ру басылары, болыстар, уезд бастықтары және т. б.

Романдардың сюжетінің негізіне алынған оқиғалар ойдан шығарылмаған, олардың бірсыпасы халық жадында сақталып келген. Абайдың өмірінен

<sup>1</sup> Мұқтар Әуезов. «Абай» тарихи роман, 1 және 2 кітап, Алматы, Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1953. «Абай жолы», роман, 1 және 2 кітап, Алматы, 1955—1956.

алынған, документтер мен мемуарларда қалған оқиғаларды оның өз шығармаларынан табамыз. Кейіпкерлердің көпшілігі кезінде болған адамдар, хронология тәртібі де негізінде сақталып отырады, әртүрлі жерлердің өз аттары беріледі, адамдардың есімдері көбінесе сақталады.

Мұның бәрі М. Әуезовтың Абай туралы романдарының тарихи дастан екенін сипаттайды. Бірақ көркем шығармаларда жазушы көп оқиғалардың шындығын сақтай отырып, олардың жалпы барысын дұрыс көрсете отырып, мұнымен бірге, суреттелетін өмір процестерінің мәнісін ашу, оқушыға сол заманды сезіндіру, өз геройларын жанды бейнеде көрсету үшін бұл оқиғаларды қорытып, байыта түсетіні түсінікті.

Бытыраңқы, көп уақытта бірі-біріне қайшы фактылар бойынша жеке оқиғаларды суреттей отырып, жазушы бұларды творчестволықпен қайта ойластырады және жаңадан өң беріп, көркем шығарманың тұтас арқауына енгізеді. Суреттелетін дәуірдің өмірін нақтылы оқиғалар мен адамдар арқылы толығырақ көрсетуге тырысып, автор ойдан шығарылған кейіпкерлерді де қосады. Олар: Дәркенбай, Дәрмен, Иса және басқалары. Салтанат, Базаралы, Ербол сыяқты кейіпкерлердің де бір кездегі болған адамдар екені алыстан сезіліп тұрады. Алайда М. Әуезовтың романдарында ойдан шығарылған геройлар да сол заманның өзіне тән, нақтылы адамдар болып көз алдына келеді.

Өздігінен творчестволық шешімдер, батыл қорытындылар жасау үшін жазушы өмірді терең тануға негізделген көркемдік қыялды пайдаланады. Шығарманың маңыздылығы оның жеке эпизодтарының шын оқиғаны көрсетуінде немесе автордың қыялдау шарқында емес, автордың қоғамдық өмірдегі терең процестерге, адамдардың әрқыйлы қарым-қатынасына терең бойлап, қазақтардың сол кездегі әдет-ғұрыптарын шынайы көрсете білуі арқылы Абай туралы романдардың өмір шындығына дәл үйлес шыққандығында.

Абай туралы шығармалардың сюжеттік-тақырыптық негізі — қазақ қоғамының прогресшіл күштерінің реакция күштеріне қарсы, әлеуметтік езгіге, надандыққа және қараңғылыққа қарсы күресі. Прогресшіл демократиялық күштердің өкілдері — Абай, Дәркенбай, Базаралы, Дәрмен және басқалары. Реакцияның күштерін бейнелейтіндер — Құнанбай, Оразбай, Жиренше, Тәкежан, Майбасар, Әзімбай және басқалары.

Абай — бас герой, романдардағы оқиғалар соның төңірегінде дамиды. Оның образы өзіне тән ерекшелік сипатпен, терең суреттеледі. Шығарманың өзегі Абайдың эпикалық образы, ол оқиғалардың даму барысында ашылып отырады. Көп оқиғалардың желісі Абайға келіп тіреледі, ол тартыстардың іріміне қайта-қайта қосылып, ондаған

кейіпкерлермен қарым-қатынаста болады.

Бірінші кітаптың басында біз бала Абайды көреміз. Қаладан, өзі оқыған медреседен өз аулына келгенде Абай екі жазықсыз жанның — қарт Қодар мен оның келіні Қамқаның жазаланғанын көзімен көреді. Бұл қайғылы оқиға жас балаға ауыр батады, ол аурады. Бұл эпизод болашақ ақынның қасиетіндегі маңызды сипатты — оның адамға сүйіспеншілігін, әділеттілікке ұмтылған талабын айқын көрсетеді. Сөйтіп, адамгершілік, адамға сүйіспеншілік тақырыбы шығармаға Абайдың бейнесімен бірге кіреді.

Жазықсыз адамдарды қатал жазау бәрінен де өзінің әкесі, мұның бас айыпкері және ұйымдастырушысы — Құнанбайға керек болғанын, Құнанбай өзінің жауыздық ниетін ру басылардың тоқтамымен, шарифат заңымен бүркегенін, бұл жантүршігерлік қылмысқа ол көп адамдарды зорлап қатыстырғанын Абай ол кезде әлі біле алмады. Абайдың ызасы ішкі наразылық, ашынған жанның ащы дауысы болды.

Жас Абайдың жолы қиын, соқпақты. Оған феодалдардың ру тартысының әдіс-айласын қараңғыда қармалай жүріп айыруға тура келді, өктем әкесі Құнанбай оны осы тартысқа тартады. Әкесімен араз қарт Бөжейге иіліп сәлем беруі, онан кейін Бөжейдің асына қолма-қол қатысуы — Абайдың өз еркінің және тәуелсіздігінің алғашқы көріністері ғана. Жас өспірім Абай әкенің ықпалынан әлі шыға алған жоқ, өз ортасының соқырсенімдерін батыл жеңе алған жоқ. Даланың биі Алшынбаймен құда болғысы келген есепкөй Құнанбай баласы Абайға оның немересі Ділдені айттырды. Сүйіспеншілігі жоқ некенің өзін қаншама қасіретке ұшырататынын әлі терең түсінбеген Абай бұған бағынады.

Халықтың қалың ортасынан шыққан адамдармен, Құнанбайға өш рулардың өкілдерімен жақын қарым-қатынас Абайдың көп нәрсеге көзін ашты. Ойлы, ақылды жас ру таласының мақсаты — әлсіз рулардың жерін тартып алу екенін, бұл тартыста беделді феодалдар және олардың жақындары емес, еңбекші халық азап шегетінін бірте-бірте түсіне бастайды. Өз руының намысын қорғағансыңғын Құнанбай іс жүзінде өзінің құлқыншылдық мақсатын — өзінің билігін асырып, байлығын арттыруды көздейтінін Абай енді айқын көреді. Көптен байқалып жүрген әкесімен араздық Абайды онымен ашық жанжалға әкеп соқтырады. Бұл енді жеке адамдардың емес, екі дүниенің: бір жағынан феодалдық-рушылдық ескіліктің, екінші жағынан, жаңа туып келе жатқан демократиялық күштердің өзара соқтығысы еді.

Абай енді езілгендерге, зәбір-жапа көргендерге жәй тілектес қана болып қоймай, оларға белсеніп көмектеседі. Жатақтардың барлық малы қырылғалы

тұрған жұт кезінде Абай көп адамдарды аштық өлімнен құтқарып қалады. Құнанбай қолдаған Тәкежанның күшті қарсылығына қарамастан, ол мұны батыл істейді.

Екінші кітапта Абайдың тұлғасы елдегі өседі. Ол енді халыққа жақындай түседі, оның мұқтаждары мен мүдделерін тереңірек түсінеді. Ералыда кедейлер уезд бастығы Кошкиннің қорлауына және озбырлығына қарсы көтерілген кезде Абай, өкімет өкілдері өткізбек болған сайлауды бұзған адамдардың қыймылына дем беріп, басшылық етеді.

Сырт көрінісінде құдайшыл, екіжүзді момақан Құнанбай, рушылдық-феодалдық заманның әдет-ғұрыпын бұзып, басқаның қалыңдығы — қызды ашық сүйген Әмірді қылғындырып жатқан кезінде, Абай қатал әкесін жаңа қылмыстан күшпен тоқтатады.

— Ауызыңда алла, шеңгеліңде қан. Тағы қан!.. Бұларды шариғат та қосады. Бір кезек, сол шариғат жолы деп, бір нахақ қан төгіп ен... — деп Абай Құнанбайды Қодардың өлімі үшін де ашумен айыптайды.

Абайдың адамгершілігі, еркінділігі терең білімді және ақылды адам, саяси жер аударылып келген Е. П. Михайловты таңдандырып сүйсіндіреді. Е. П. Михайлов көп ұзамай Абайдың досы, ең жақын ақылшысы болады. Абай онан орыс халқының патша өкіметіне қарсы азаттық күресі туралы, ұлы революцияшыл демократ Н. Г. Чернышевскийдің қызметі туралы көп нәрселерді біледі. Абай прогресшіл орыс ғалымдары мен жазушыларының шығармаларын ынтамен оқып үйренеді. Озат орыс мәдениетімен рухани байланыс Абайдың ой-өрісін кеңейтіп, білімін арттырады, надандық пен енжарлыққа, қаталдық пен тағылыққа қарсы күресте оған күш береді. Абай қазақ халқының орыс халқымен жақындасуын мейлінше жақтайды, орыс жазушыларының шығармаларын таратады, ұлы Пушкиннің өлеңдерін қазақ тіліне шабытпен аударады.

Үшінші және төртінші кітаптарда жазушы Абайдың халықпен байланысының барған сайын кеңеюін көрсетеді. Қарапайым адамдардың өздерін езушілерге қарсы батыл, бұрынғысынан әлдеқайда ұлғайған шайқастарында Абай оларды батыл қорғайды. Абай, сансыз жауыздықтары мен қысымдары үшін Тәкежаннан кек алып, оның сегіз жүз жылқысын айдап әкеткен Базаралыны, Әбілғазыны және басқаларын жақтайды. Ақын мұны — жай барымта деп танымай, халықтың ызасы мен наразылығының стихиялық көрінісі деп таныйды.

Көп жатақтардың егініне жылқысын айдап салған Әзімбай болыстың екіжүзділігі мен сұрқиялығын әшкерелеп, Абай бұл жатақтарды қарулы соқтығысқа әзірлейді, олардың көрген зиянын төлетуге көмектеседі. Чиновниктердің

озбырлығына, бейбастақтығына қарсы күресте ақын кейде заңға сүйенеді, халықты жолсыздық істерден қорғау үшін заңды пайдаланады. Мысалы, ол чиновник Никифоровты кедейлерге салынған, шамадан тыс көп салықты азайтуға көндіреді.

Абай, ел басына келген үлкен апат — оба кезінде байып қалуға араның ашқан топас, надан молдаларға қарсы қатты күреске шығады. Өздерінің ардақтылығы мен түсірер пайдасын сақтау үшін кімді болса да құртуға әзір тұратын кекшіл молдалар, садақаны бөлгенде өзін үлестен құр қалдырғандарға өшігіп, жұрт алдында оларға қарсы шыққан Сармолданы арамзалықпен өлтіреді. Жауыз фанатиктерден қорықпаған ақын халыққа, обадан өлгендерді жерлегенде көп садақа алу тек құлқыншыл молдаларға пайдалы екенін, ал бұл садақа ауруды таратып, халыққа зыян келтіретінін түсіндіреді.

Абай неғұрлым реакцияшыл дінбасылардың Россиядағы мұсылман халықтарын біріктіріп, оларды Стамбулдың қамқорлығындағы бір діни ұйымға бағындыру әрекетіне батыл қарсы шығады. Ақын өз халқының келешегін дінде емес, оқып білім алуда, озат орыс мәдениетіне араласуда деп таныйды.

М. Әуезов төртінші кітапта Абайды қала кедейлерінің өкілдерімен, қазақ жұмысшыларымен: Сейілмен, Сейтпен, Әбенмен және Әбдімен тығыз қарымқатынаста көрсетеді. Өз басының бостандығын қорғап, сүйген адамына қосылуға ұмтылған Макенді жақтап шыққан ақынға олар шын ниетімен көмектеседі.

Абайдың халық арасында беделінің барған сайын күшеюін оның дұшпандары көре алмайды. Олар ақынға сұрқиялық жала жабады, Абайға ең қатты өшіккендердің бірі, жаңалық атаулының қас дұшпаны, беделді дала феодалы Оразбай ақынды барлық күшімен қудалайды. Жаулары Абайды талай рет ауыр жан азабына ұшыратты, бірақ оның жігерін мұқата алмады.

Абай сегіз қырлы адам. Жазушы оны қоғамдық күрестің қалың ортасында, күнбе-күнгі тұрмыста, бала-шағасының ортасында, сауық кездерінде суреттейді. Романның көп беттері ақынның шабыттты творчестволық еңбегін көрсетуге арналған. Бұл еңбектің кейбір кезеңдерін суреттегенде автор Абайдың өзінің шығармаларын кеңінен келтіреді, үнемі ізденудегі ақынның ойы мен көңіл күйін ашу үшін бұл шығармаларды кеңінен пайдаланады. Абайдың төңірегінде зерек, талантты жастар. Абай олардың тәрбиешісі, дем берушісі, төрешісі.

М. Әуезовтың суреттеуінде Абай ой-өрісі мен дүние тануы жағынан өз ортасындағы жаңа адам, үздік ойшыл және ақын. Халықты оқып білім алуға, қоғамдық-пайдалы еңбекке, орыс халқы-

мен достықты күшейтуге шақырғанда Абай қазақ халқының тұрмысын өзгертіп жақсарту үшін күреседі. Ол мұны өз өмірінің мақсаты деп таныды.

Жазушы еңбек адамдарын зор сүйіспеншілікпен, тілектестікпен суреттейді. Олар өз халқының жақсы қасиеттерін: еңбексүйгіштігін, шыншылдығын, адамгершілігін, оның өмірлік күштерін бейнелейді.

Ақылды кәрия Дәркембай — шығармадағы неғұрлым айқын және толық кейіпкерлердің бірі. Бұл турашыл, адал адам. Өзінің барлық істерінде ол кедейлерге, тұрмыс жайы, ауыр тағдыры жағынан өзімен мұңдас адамдарға қамқорлықты көздейді. Дәркембайдың алғашқы шығуының өзі, Құнанбайға қарсы күресте оның пайда-парасына қанағаттанып, өз руынан бөлектенуге бейім тұратын ру басылардың (Сүйіндік, Сүгір, Жексен және басқалары) арасына жаңа жігер енгізеді. Дәркембай олардың бұл ниетін тез байқайды да, Бөжейге ертіп әкеліп, олардың бәрін Құнанбайға қарсы шығуға шақырады. Дәркембайдың батылдығы, табандылығы Құнанбаймен және оның адамдарымен ашық соқтығыста онан да айқын көрінеді.

Дәркембайдың Мекеге кәжіге жүргелі тұрған Құнанбаймен кездесуі тамаша. Дәркембай оған жетім баланы ертіп әкеліп, оның «дүния істерін» — мұра бойынша осы балаға тиісті жерді Қодардан тартып алғанын — қатал есіне салады. Құнанбайдың рақымсыздығына тағы да көзі жеткеннен кейін Дәркембай мұләйім қажінің шын бейнесін ашумен әшкерелейді: «Кеше күдіретінді ағасұлтан боп жүргізіп ең. Енді Құнанбай қажы боп алып, жүргізем деп барады екенсін. Білдім, құдай жолы емес... тағы да Құнанбайлық жолыңды жоқтап барады екенсін ғой».

Ауылдағы малшыдан егінші, онан кейін қолөнерші болған Дәркембайдың еңбексүйгіштігі, оның даналығы, турашылдығы, мұқтаждықтан мойымайтын ерлігі ақынды шын сүйсіндіреді; ол Дәркембайдың риясыз, шын досы болады. Халықтың жайы туралы ойларын оған айтып, керекті кеңес беріп, Абай мұнымен бірге дана кәриядан ақыл үйренеді. Халықтың ортасынан шыққан, оның мұң-мұқтажын білетін Дәркембай, Абай сыяқты, езушілерге қарсы халықтың кегін алушы, сол заманға тән күрес жолына — жексұрын байлардың жылқысын барымталау жолына — түскен ержүрек Базаралы мен Әбілғазыға тілектес болады, оларға көмектеседі.

Дәрмен, Әбіш, Макетай, Мұқамеджан, Мағауия — жаңа ұрпақтың өкілдері. Дәрмен — жастардың ішіндегі, өз күшін ақындық өнерде байқап көрген неғұрлым дарындысы. Абай жас ақынның ұстазы және ақылшысы ғана емес, жасында жетім қалған Дәрменнің қамқоршы әкесіндей. Абаймен үнемі араласа жүріп, білім алуға аңсаған қабілетті

Дәрмен рухани өседі, оның ақындық таланты өрістейді. Ол рушылдық-феодалдық қоғамның тағылық әдет-ғұрыпның құрбандығы болған Еңлік пен Кебектің қайғылы сүйіспеншілігін шабытпен жырлап, дастан жазады. Ақын, екі жасты ажалдың қолына берген қанішер феодал Кеңгірбайдың қаталдығын ашумен әшкерелейді. Екінші бір шығармасында өз төңірегіндегі шындық өмірдің оқиғаларын суреттеп, Дәрмен келей Исаның ерлік бейнесін жасайды. Жас ақынның творчестволық табыстарына шын қуанған Абай онан зор үміт күтеді. Жазушы Дәрменнің бейнесі арқылы демократиялық бағыттағы ақынның тұтас тұлғасын жасайды.

Әбіш — М. Әуезовтың суреттеуінде — жаңа тұрпатты, өзі өскен ортаның соқыр сенімдерінен көбінесе аулақ адам. Ол — зор мәдениетті, жан-жақты білімді адам. Петербургте оқығанда Әбіш озат орыс ғалымдары мен ойшылдарының еңбектерін ынтамен үйренеді, Россияның қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде болып жатқан оқиғаларды білуге тырысады. Ол өз халқына пайдалы адам болуға ұмтылады.

Өзінің туған аулында Әбіш төңірегіндегі жұртты өз білімінің кендігімен, пікірінің тереңдігімен таңдандырады. Абай оны жаңа дүниенің жаршысы деп атайды, одан үміт күтеді. Әбіштің бейнесін суреттегенде жазушы өмірбаяндық материалдың шеңберімен қанағаттанбай, жаңа ұрпақтың жас өкілінің тұтас бейнесін жасау міндетін алға қояды.

Жауыз жыртқыштар — Құнанбайдың, Оразбайдың, Жиреншенің және Тәкежанның бейнелері арқылы автор мұндай адамдарды туғызатын әлеуметтік системаны рақымсыз әшкерелейді. Феодалдықтың қаратүнек күшінің бұл иелерінің бәрін баюға ұмтылған құлқыншылдық біріктіреді. Екіжүзді, құлқыншыл бұл адамдар ескі өмірді сақтаудың өздеріне тиімділігін жақсы түсінеді, сол себепті, өздерінің өктемдігін сақтап, ардақтылығынан айырылмау үшін олар қандай да болсын қаталдықтан, қылмыстан тартынбайды.

Құнанбайдың бейнесі кесек және айқын шыққан. Жазушы оның сипатын бүкіл қайшылықтары және шиеленісі бойынша суреттейді. Құнанбай — өктем феодал, ол есті және есепті. Ақылы жетік, қатыгез Құнанбай ру басылары мен ел билеушілерді өзіне бағындыра біледі, мұның үшін оларға күшпен, көлгірсінгендікпен, бояма қайырымдылықпен әсер етеді. Ол тек бір өзі үстемдік жүргізуге әдеттенген. Оның дегеніне, оның тілегіне қарсы келушілерден ол қатал кек алады. Тәжрибелі билеп-төстеуші Құнанбай ру таласының әдіс-айласына өбден жетілген; ол, өзіне тиімді кездерде ру басыларын өзіне жақындатады, керек болмағанда, өзінен алыс ұстайды. Бір рулардың басшыларымен дауласып жүргенде ол басқа рулардың басшы-

ларын өзіне өшіктірмей, уақытша олардың дегеніне көшеді. Өзінің пайдасы үшін — жайылым жерлерді сақтау үшін, билік үшін — күресте Құнанбай рунамысын қоздырып, ру таласын шебер пайдаланады. Өзінің мүдделерін қорғағанда ол пайда-пара береді, дінге сүйенеді.

Құнанбай ызғарлы, Өзінің төңірегіндегілерге және өзіне жақын адамдарға өктемдік ықпалы бұлардың үнін өшіреді. Құнанбайдың бейнесі оның әлеуметтік тобының құрып бара жатқанын көрсетеді.

Залым және айлакер Жиренше, надан және қатал Оразбай, халықты күйзелткен өзімшіл жыртқыш Төкежан Құнанбайдың жолында.

Халықтың таңдаулы адамдары правосыздық, тағылық, енжарлық және надандық жағдайда азап шегеді, құрып кетеді. Бұл жағдайда қазақ әйелдерінің көрген күні қаратүнек. Ауыр бейнеттен азап шеккен Иіс кемпір, еріксіз сатылған қыздар, тоқалдықтың ауыр азабын шеккен әйелдер, Камчат сыяқты қорлықтағы қыздар ауыр, қайғылы өмір сүреді. Бұлардың бәрі жанышталған, езілген, басқалардың еркіне бағынған, көрген азабын іште сақтайды.

Жазушы суреттеген әйелдердің көптеген бейнелері қатарында Абайдың дана, қайырымды және қамқоршы үлкен шешесі Зәре, ұстамды, ақылды, жайдары Ұлжан, сүйкімді Айгерім бар. Абайға бекем сенген, адамгершілік көрсеткен қайтпас жігерлі Салтанат біраз оқшау орын алады.

М. Әуезовтың Абай туралы романдары — зор көркем шығарма. Оқиғаларды бас геройдың төңірегіне жыйнақтай келіп, жазушы көптеген көріністерді, қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысындағы оқиғаларды шығарманың сюжеттік арқауына шебер енгізеді, өмірді әлеуметтік-саяси, тұрмыс, семья және басқа жақтарынан суреттейді. Шығармада сюжеттік желілер көп. Өмір біресе шапшаң, біресе баяу, біресе екпінді, дауылды, біресе жаймашуақ ілгерілеп отырады; оқиғалар дамып келе, шиеленіс шегіне жетеді, онан кейін бәсеңдейді, ал өмір барған сайын жаңа соқтығыстар мен күресті туғызып, ілгері баса береді. Үшінші және төртінші кітаптарда шығарманың сюжеттік шиеленісі оқиғалардың тыныш және баяу ағымымен жиі

ауысады. Оның ішінде көп оқиғалар онан әрі дамып, кітаптан-кітапқа ауысады, бір кітапта белгіленген кейіпкерлердің бейнелері екінші кітапта тереңдей түседі — мұның бәрі шығарманың барлық бөлектерін тұтастырып байланыстырады.

Жазушы оқиғалардың барысын, адамдардың қатынасының ұштасуын аша отырып, әңгіме тәсілін кеңінен пайдаланады. Автор кейіпкерлердің ішкі дүниесін, олардың рухани өмірін қозғалыс және даму күйінде суреттегенде, мұның тереңдігі және толықтығы жағынан шеберліктің шегіне жетеді. Геройдың қылықтарын, қозғалыстарын, көзбен ұғынысуын суреттегенде, жазушы есте қалатын жаңды бейне жасайды. Құнанбайдың портретін жасағанда, М. Әуезов оның қаталдығы мен өктемдігін айқын көрсету үшін, оның жалғыз көзінің өткірлігін, қол сермеуінің әмірлілігін тамаша пайдаланады.

М. Әуезов табиғат көрінісін шебер суреттейді, мұны кейіпкерлердің жан күйін ашу үшін пайдаланады. Герой қуанышты болса, бүкіл табиғат қуанышқа бөленген, герой ауыр қайғылы болса, табиғат та қара жамылған; табиғат адамның жан күйіне үйлесіп отырады. Табиғаттың көріністері көп уақытта геройлардың жан толқуын өзінің карама-қарсылығымен айқындай түседі.

Кейіпкерлердің тілі әралуан. Абайдың сөзінде дәл теңеулер, нақылдар көп кездеседі, кейде мақал болып естіледі. Дәркембайдың сөзінде де халық тілінің байлығы мол.

Тұтасынан алғанда шығарманың тілі халықтың ауызсөзіне негізделген бейнелі және көркем. Ол өзінің рухы жағынан халықтық тіл, жазушы бұл тілді халық тілінің бай мүмкіндіктерін творчестволықпен пайдалану негізінде жасаған.

Мұқтар Әуезовтың Абай туралы романдары — жазушының ұзақ ізденуінің және көп ойлануының жемісі, оның өзіне тән дарындылығын көрсететін шығарма. Бұл шығарманы советтік әдебиеттің таңдаулы шығармалары қатарына қосуға болады.

**З. АХМЕТОВ, И. ДҮЙСЕНБАЕВ,**  
филология ғылымдарының кандидаттары.